

Ис-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Есеп түрі
Педагог мамандармен жұмыс			
Кәсіптік бағдар беру кеңесін құру	қыркүйек		бұйрық
Мұғалімдерді кәсіптік бағыт-бағдар берудегі нұсқау, бұйрық, шешімдермен таныстыру	қыркүйек	Тусупова Г.А	
Сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру туралы мұғалімдерге жеке кеңестер беру;		Серикпаева А	
Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сынып сағаттарының тақырыптарын ұсыну		ДТЖО Кәсіптік бағдар беруші	
Оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында кенттік мекемелермен әкскурсиялық қызмет көрсету туралы келісім шартқа отыру	Казан	Тусупова Г.А Серикпаева А.А	Келісім шарт
Оқушылармен жұмыс			
Кітапханада «Мен мамандықты тандаймын» стендін акпараттық материалдармен толықтыру	Ай сайын	Байманасова Н.	Суретті есеп
Оқу орындарына, кенттік кәсіпорындарға әкскурсиялар ұйымдастыру (9-11 сыныптар)	Казан	Сынып жетекшілер, кәсіптік бағдар беруші	анықтама
«Табысты болуға жол табу» тренинг-ойын (9,11)	Казан	Психологтар	анықтама
«Менің болашақ мамандығым» сурет сайысы (5-7 сыныптар)	Қараша	Билалова Ж.Б.	Суретті есеп, анықтама
Жоғарғы оқу орындары мен колледждердің ашық есік күніне қатысу	Жыл бойы	Серикпаева А.А.	Анықтама

«Қайда? Қашан?» атты мамандық
уралы викторина

5-7 сыныптар 8- сыныптар	Желтоқсан	Әлеуметтік педагог, кәсіптік бағдар беруші	анықтама
Жергілікті мекемелердің тәжірибелі мамандармен кездесу өткізу (9-11 сыныптар)	Желтоқсан	ДТЖО Психологтар Әлеуметтік педагогтер	Суретті есеп, анықтама
«Уақыт бізді таңдайды» профориентациялық тренинг	Желтоқсан	Психолог Серикпаева А	Анықтама
«Мамандыққа саяхат» 5-9 сыныптарда, «Мамандығым болашағым» 10-11 сыныптарда сынып сағаттары	Қаңтар	Сынып жетекшілері	Әзірлеме (разработка)
Оқу орындарына, кенттік кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру (9-11 сыныптар)	Ақпан	Серикпаева А.	анықтама
ҰБТ жұмыстары	Жыл бойы	Сынып жетекшілер, кәсіптік бағдар беруші	анықтама
«Мамандықтар әлемінде» тренинг (9,11 сыныптар)	Сәуір	Психологтар	анықтама
9 сынып оқушыларымен кәсіби диагностика өткізу	наурыз	Бимакашева К.С. Серикпаева А	анықтама
9 сыныптардан кезендік сауалнама алу	Жыл бойы		
Ата-аналармен жұмыс			
Ата – аналарға арналған профориентациялық жиналыстар өткізу	Жылына екі рет	ДТЖО Кәсіптік бағдар беруші	Хаттама
9-шы сынып ата-аналарына арналған сауалнама	Қараша	Кәсіптік бағдар беруші	анықтама
Мамандық таңдау бойынша жеке кеңестер	Жыл бойы	ДТЖО Психологтар Кәсіптік бағдар беруші	

Кәсіптік бағдар беруші

Серикпаева А

БЕКІТЕМІН

А. Гагарин атындағы
лицейінің директоры

Г.А. Тусупова

28 2023ж.



Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейіндегі кәсіби бағдар беру бойынша оқу жылына

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023- 2024 оқу жылы


Мақсаты: оқушылардың қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жұмысын құру.

Міндеттері:

- Оқушыларға ақыл-көненес беріп, кәсіби тандауларына сәйкес жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, денсаулықтарына байланысты, аймақтағы мамандарға сұраныстың қажеттілігін негізге алып мамандық тандау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіби білім беруде мекемелерімен бірлесіп бағыт беру алдындағы, кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіби бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үрдісіне енгізу.

**Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейі
кәсіби бағдар берушінің 2023-2024 оқу жылында
атқарған жұмыстары бойынша сараптама**

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Мен мамандықты таңдаймын»
стендтік ақпараттармен толықтырылды. Мақсаты: оқушыларға қоғам үшін маңызды
мамандықтардың құндылықтарын ұғындыру.



Кәсіптік бағдар жұмыс жоспары бойынша қазан айында ЕББҚ бар сыныппен «Табысты болуға жол табу» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Тренинг барысында- мақалдың жалғасын табу арқылы топтастыру, мамандық таңдау ережелері, психологиялық тест, ең-ең ойыны, мамандықты тап ойындарымен тренинг жалғасын тапты. Бос микрофон әдісі арқылы тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.

Қараша айының жұмыс жоспары бойынша «Менің болашақ мамандығым» атты сурет сайысы. Сурет сайысы 5-7 сынып оқушыларының мамандық бейнесін бейнелеп, әрлеп, түрлі бояулармен ерекшелеп бейнелеуі бойынша салынды. Мақсаты: сурет салуды ұнататын оқушылардың қатарын анықтау. Мамандықтарға сипаттама бере отырып, қыр-сырын ашу.



Кәсіби бағдар бойынша 2023-2024 оқу жылының қазан айында 9-11 сынып оқушыларының бейінін анықтау бойынша сауалнамалар алынды. Мақсаты: кәсіби бағдарлы 9-11 сыныптардың жыл басындағы бейінін анықтау және бағдары бойынша ақпарат алу.

Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушылары кәсіби бағдар беру



мақсатында кентіміздің полиция бөліміне экскурсия барды. Полиция майоры А.Кенжебаев оқушыларға полиция бөлімінің жұмысымен, міндетімен, қызметтерімен таныстырып, әр лауазымдағы полиция қызметкерлерінің отан алдындағы борышын атап өтті. Мақсаты: оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу.

9 сынып оқушылары кәсіби бағдар мақсатында ауданымыздың «Шет агротехникалық колледжіне» экскурсияға барды. Кәсіптік бағдар беру бойынша үйлестіруші Д.Қайратұлы экскурсия барысында қандай

мамандықтар оқылатынын, шәкіртақы өзгерістері шеберхана жұмыстарымен толықтай таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу, мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу.



Қараша айының жұмыс жоспарына сәйкес «Мамандық

таңдаудың маңызы» аясында «Сен жаңбасаң лапылдап» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: мамандық таңдау бойынша ата-аналарға кеңес беру. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы шеңберінде "Өсиет аталар" мектебі, "Өнегелі өмір", "Оқуға құштар мектеп" жобалары аясында



жерлестеріміз Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, қазақ

прозасының көрнекті өкілі Өмір Кәріп және мемлекеттік қызмет саласының ардагері, кентіміздің құрметті азаматы Бекқожин Қалижан Қазкенұлымен "Жыры да, жүрегі де - елдікі" тақырыбында кездесу кеші ұйымдастырылды. Кеш қонақтары "Мәдениет майталманы" қос төсбелгілерінің иегері Жақаев Алшағыр Көрпешұлы, кентіміздің әкімі Қойшыбаев Мерей Жасұланұлы.

Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еңбекқор, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу, болашақ ұрпақты аталы



сөзге құлақ асып жүруге баулу;

Жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау. Ұрпақ бойындағы азаматтық, рухани, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Өнегелі өмір жобасы аясында, "Өнерім-өмірім" әнші, композитор, мәдениет саласының үздігі Саят Әбдіғали ағамыздың 9 сынып оқушыларымен онлайн кездесуі.

Облыстық эстетикалық сауаттылық апталығы аясында 9"В" сынып оқушыларымен "Мамандықтар әлемі" атты тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушылардың әр түрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру;




Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде 2024 жылдың 15–19 қаңтар аралығында «Жүз жол-біреуі сенікі» атты кәсіптік бағдар беру апталығының ашылу салтанаты өткізілді. Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ететін ақпараттық кеңістік құру.



«Жүз жол-біреуі сенікі» атты кәсіптік бағдар беру апталығының жұмыс жоспары бойынша "Жастардың кәсіби бағдары" жергілікті мекемеге саяхатқа бару тақырыбында Ақадыр кентінің "Қамқор Локомотив-Транс" кәсіпорнына оқушылармен экскурсия жасалды.

Мақсаты: Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай



білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру.

9 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру

мақсатында Экономика бизнес және құқық колледжінің студенті

Нұрлан Гүлсезім түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Жүз жол-біреуі

сенікі» атты кәсіптік бағдар беру апталығының жұмыс жоспары

бойынша және "Жеткіншектің Жеті жарғысы" жобасы аясында

"Өзіңе және адамдарға қуаныш сыйлайтын мамандық" атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге Ақадыр кентінің Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің түлектері, қазіргі таңдағы жергілікті мекеменің тәжірибелі басшылары Бурлинов Нұрсұлтан Мейрамбекұлы мен Есимғалиев Әнуар Орымбайұлы қатысты.



Мақсаты: жетістік пен табысқа жеткен тұлғалардың іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау.

"Уақыт бізді тандайды" атты тренинг өткізілді.

Мақсаты: жеке тұлғаның кәсіптік мамандықтарға


деген ынта –ықыластарын анықтау, кәсіптік бағдар беру. Кәсіптік бағыт-бағдар беру бойынша "Шет агротехникалық колледжі" Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аға оқытушылары келіп. 9 сынып оқушыларымен кездесу



ұйымдастырды. Кездесу барысында колледж мамандықтары мен біліктіліктері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Кәсіптік бағдар беру жұмыс жоспары бойынша, 22 сәуір "Алтын адам" күніне орай "Мұғалім болу-мақтаныш" жобасы аясында Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің баспасөз қызметінің басшысы, филолог Бәкіжан



Кәкіммен онлайн кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар мамандық таңдау бойынша көкейде жүрген сауалдарын қойып, Бәкіжан мырза оқушыларға мамандық бойынша ақыл-кеңестерін ұсынып, бағыт-бағдар берді. Кәсіптік бағдар беру мақсатында Қарағанды Теміржол колледжінің өкілдері келіп, 9 сынып оқушыларына колледж туралы таныстырылым жұмыстарын жүргізді.

Кәсіптік бағдар беруші

А.Серикпаева

**Кәсіби бағдар беру бойынша түлектердің еңбекпен қамтылуы
2023-2024 оқу жылы**

Мектеп бітірушілер саны-56. Алтын белгі»иегері- 3, Жоғары оқу орнына түскен түлектер саны-44. ЖОО-на 19-оқушы мемлекеттік грант бойынша оқуға түсті.

№	сыныбы	саны	Жоо	грант	Ақылы	колледж	Грант	ақылы	Әскер	Жұмыс істейді	Денсаулығына байланысты
1	11 «А»	23	23	15	8	-	-	-	-	-	-
2	11 «Б»	21	12	3	9	9	4	5	-	-	-
3	11 «В»	12	9	1	8	3	2	1	-	-	-

9-сынып бітірушілер саны -92, оқуға құжат тапсырған оқушылар-34.

Мемлекеттік грант бойынша-33 оқушы оқуға ,1-оқушы ақылы түрдегі оқуға түсті. 10-сыныпқа 58 оқушы мектепке құжаттарын тапсырды.

№	сыныбы	саны	колледж	Грант	ақылы	Әскер	Жұмыс істейді	Денсаулығына байланысты
1	9 «А»	21	8	8	-	-	-	-
2	9 «Б»	17	6	6	-	-	-	-
3	9 «В»	21	9	9	-	-	-	-
4	9 «Г»	16	7	6	1	-	-	-
5	9 «Д»	17	4	4	-	-	-	-